ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М. ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН
М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университетінің
Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
_____ Кудретуллаева Р.О.
«___» _____ 2026 ж.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және арнайы медициналық топтағы оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру: мазмұнды, жүктемені және бағалауды бейімдеу» атты біліктілік арттыру курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 2 апта
Жалпы сағат саны: 80

Шымкент, 2026ж.

Бағдарлама «Спорт және туризм» факультетінің «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының мәжілісінде қаралып, Оқу-әдістемелік кеңеске талқылауға ұсынылды (хаттама №___, «____»_____ 2026 ж.).

Кафедра меңгерушісі _____ Жолдасбекова Б.А.

Бағдарлама университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, бекітілді (хаттама №___, «____»_____ 2026 ж.).

Оқу-әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Туребекова Г.З.

Орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру мұғалімдері, оқытушылары, жаттықтырушылары, қосымша білім беру мұғалімдеріне арналған

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және арнайы медициналық топтағы оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру: мазмұнды, жүктемені және бағалауды бейімдеу» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1.	Есалиев А.А.	м.ғ.д., профессор	aidar.esali@mail.ru; 87470162092

Қысқартулар:

ҚР – Қазақстан Республикасы.
ББ – білім беру бағдарламасы.
БА – біліктілікті арттыру.
ББББ – білім беру бағдарламасы.
ПБА – педагогтердің біліктілігін арттыру.
МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
ЖББ – жалпы білім беретін пәндер.
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
ҚБ – қалыптастырушы бағалау.
ЖБ – жиынтық бағалау.
ОӘК – оқу-әдістемелік кешен.
ӘБ – әдістемелік бірлестік.
КТ – критерийлік бағалау.
ЕБҚ – ерекше білім беру қажеттіліктері.
АМТ – арнайы медициналық топ.
БДШ – бейімдеп дене шынықтыру.
ОӘД – оқытудың әмбебап дизайны.
ЖСЖ – жүрек соғу жиілігі.
АҚ – артериялық қысым.
ЖОЖ – жеке оқу жоспары.
КТЖ – күнтізбелік-тақырыптық жоспар.
ФМ – функционалдық мониторинг.
КБ – критериалды бағалау.
БҒМ – Білім және ғылым министрлігі.

1 Жалпы ережелер

1.1 «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және арнайы медициналық топтағы оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру: мазмұнды, жүктемені және бағалауды бейімдеу» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептердің дене шынықтыру пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар және арнайы медициналық топтағы (АМТ) оқушылармен сабақтарды ұйымдастырудың заманауи әдістемелік тәсілдерін меңгеруіне және білім алушылардың функционалдық, зерттеушілік және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

1.2 Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне, педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын талаптарға, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қағидаттарына және дене шынықтыру пәнін инклюзивті және бейімдеп оқытудағы заманауи педагогикалық тәсілдерге сәйкес әзірленеді.

1.3 Бағдарламаның өзектілігі инклюзивті білім беруді кеңейту, дене шынықтыру сабақтарында ЕБҚ және АМТ оқушыларының ерекшеліктерін ескеру, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану, жүктемені мөлшерлеу және бейімделген сабақтарды ұйымдастыру қажеттілігімен айқындалады.

1.4 Бағдарлама педагогтердің пәндік-әдістемелік, инклюзивті және зерттеушілік құзыреттерін дамытуға, оқу үдерісін білім алушыға бағдарланған тәсіл негізінде ұйымдастыруға және дене шынықтыруды өмірмен байланыстыра оқытуға мүмкіндік береді.

1.5 Курстың мазмұнында дене шынықтыруды оқытудың заманауи әдістері мен технологиялары, инклюзивті және бейімдеп оқыту тәсілдері, оқытудың әмбебап дизайны (ОӘД), мазмұнды бейімдеу, жаттығуларды, құрал-жабдықтар мен ортаны модификациялау, жүктемені мөлшерлеу, функционалдық мониторинг (ЖСЖ, АҚ, тыныс сынамалары), критериалды бағалау, жеке оқу жоспарларын (ЖОЖ) және бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ зертханалық-практикалық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қамтылады.

1.6 Бағдарламаны іске асыру барысында педагогтердің теориялық білімдерін практикалық қызметпен ұштастыруға, тәжірибе алмасуға, кәсіби рефлексия жасауға және сабақ үдерісіне заманауи әдістерді енгізуге басымдық беріледі.

1.7 Курстың тыңдаушылары – жалпы білім беретін ұйымдардың дене шынықтыру пәні педагогтері, нұсқаушылар, жаттықтырушылар, қосымша білім беру педагогтері, педагог-әдіскерлер, әдістемелік бірлестік жетекшілері және дене шынықтыру пәнін оқытуға қатысатын педагогтер.

1.8 Бағдарлама көлемі педагогтердің кәсіби қажеттіліктері мен оқу нәтижелеріне сәйкес айқындалады және теориялық, практикалық, зертханалық, тренингтік және рефлекстік сабақтарды қамтиды.

1.9 Курсты ұйымдастырудың негізгі қағидаттары:

• педагогтің кәсіби дамуына бағытталу;
• теория мен практиканың сабақтастығы;
• білім алушыға бағдарланған оқыту;
• инклюзивтілік және қолжетімділік;
• пәндік және метапәндік дағдыларды дамыту;
• тәжірибелік және зерттеушілік оқыту;
• цифрлық технологияларды тиімді пайдалану;
• оқыту нәтижелерін бағалаудың шынайылығы мен ашықтығы;
• педагогтердің тәжірибе алмасуы және кәсіби рефлексиясы.

1.10 Бағдарлама нәтижесінде педагогтер дене шынықтыру пәнін оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын оқу үдерісінде тиімді қолдану, ЕБҚ және АМТ оқушыларымен бейімделген сабақтарды жобалау және өткізу, жүктемені мөлшерлеу және функционалдық мониторинг жүргізу, критериалды бағалауды қолдану, білім алушылардың функционалдық және зерттеушілік дағдыларын дамыту, оқу жетістіктерін бағалау және сабақтарды тиімді жобалау дағдыларын жетілдіреді.

1.11 Бағдарламаның оқу нәтижелері педагогтердің курстан кейінгі кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларын практикада қолдануын қамтамасыз етуге бағытталады.

Бағдарлама келесі құжаттарға сәйкес әзірленген:

• «Білім туралы» ҚР Заңы (2026 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

• Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы, 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ;

• «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдауы туралы» ҚР Заңы, 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343;

• Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);

• Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

• ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы «Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы…» (2021 жылғы 18.11 жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

• 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы.

Тыңдаушылардың курстық оқу ұзақтығы осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу жоспары бойынша 72 академиялық сағатты құрайды.

Курс қорытындысы бойынша тыңдаушылар Біліктілікті арттыру туралы сертификат алады.

2. Глоссарий

Арнайы медициналық топ (АМТ) — медициналық қорытынды негізінде жасақталатын, денсаулық жағдайы бойынша шектеулі жүктемемен дене шынықтыру сабақтарына жатқызылған оқушылар тобы.

Бейімдеп дене шынықтыру (БДШ) — дене жаттығулары мен оқыту әдістерін денсаулық мүмкіндіктері шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың жеке мүмкіндіктеріне бейімдеуге бағытталған дене шынықтыру саласы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) — оқушылардың оқуын қиындатуы мүмкін және білім беру процесін бейімдеуді талап ететін жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін сипаттайтын термин.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) — ЕБҚ бар әрбір оқушы үшін әзірленетін және жеке оқу мақсаттарын, әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ осы мақсаттарға қол жеткізуді бағалауды айқындайтын құжат.

Жүктемені мөлшерлеу — оқушының денсаулық жағдайы мен дайындық деңгейін ескере отырып, дене жүктемесінің оңтайлы көлемін, қарқындылығын және ұзақтығын анықтау.

Инклюзивті білім беру — әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ортасында оқытуды және олардың табысты болуын қамтамасыз ету үшін білім беру процесін бейімдеуді көздейтін білім беру тәсілі.

Критериалды бағалау — оқушының жеке ілгерілеуіне бағытталған алдын ала әзірленген критерийлер негізінде оқу жетістіктерін бағалау.

Курстан кейінгі сүйемелдеу – біліктілікті арттыру курсы аяқталғаннан кейін мұғалімдердің алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдауға және одан әрі дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі.

Мазмұнды бейімдеу — оқу бағдарламасын, жаттығуларды, құрал-жабдықтар мен ортаны оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен медициналық шектеулерін ескере отырып қайта өңдеу процесі.

Микро-оқыту – тыңдаушының бейімделген сабақ фрагментін (10–15 минут) әзірлеп, өткізуі және оны топтық талдаудан өткізуі.

Оқытудың әмбебап дизайны (ОӘД) — барлық білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарамастан табысты болуын қамтамасыз ету үшін икемді және қолжетімді оқу материалдарын, әдістерін және бағалауды құруды көздейтін оқытуды жоспарлау тәсілі.

Пәнаралық команда — ЕБҚ бар балалардың табысты оқуы мен дамуын қамтамасыз ету үшін ынтымақтасатын әртүрлі салалардағы кәсіби мамандар тобы (мұғалімдер, психологтар, түзету жұмысы жөніндегі мамандар, медициналық қызметкерлер).

Портфолио – қорытынды аттестаттау үшін тыңдаушының жеке жобасы: бейімделген сабақ фрагменті, бағалау критерийлері, функционалдық мониторинг материалдары, тағылымдаманың рефлексивті талдауы.

Рефлексивті талдау – өз қызметін өзін-өзі бағалау және өзін-өзі жетілдіру мақсатында талдау.

Супервизия – жетекші лектор мен медициналық маманның тыңдаушыларды кәсіби сүйемелдеуі.

Тағылымдама – мамандандырылған мектеп базасында нақты ЕБҚ және АМТ балаларымен жұмыс істеу, сабақтарды бақылау, талдау және құжаттамамен танысу.

Функционалдық мониторинг — дене шынықтыру сабақтары барысында оқушының ағзасының функционалдық жағдайын (ЖСЖ, АҚ, тыныс сынамалары) жүйелі бақылау және бағалау.

3 Бағдарлама тақырыптары

1 модуль. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық негіздері

1. ҚР инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясат және заңнама.
2. Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар оқушыларға арналған сабақтарды ұйымдастырудың нормативтік талаптары.
3. Арнайы медициналық топты (АМТ) жасақтау тәртібі: медициналық рұқсат, қарсы көрсетілімдер және жүктеме шектеулері.
4. ЕБҚ бар балалардың психофизикалық ерекшеліктері.
5. АМТ оқушыларының психофизикалық ерекшеліктері.
6. Инклюзивті этика және пәнаралық командамен өзара іс-қимыл.
7. Оқытудың әмбебап дизайны (ОӘД) және инклюзивті білім беру практикасы.

2 модуль. Мазмұнды және оқыту әдістемесін бейімдеу

8. Оқу бағдарламасы мен КТЖ-ны ЕБҚ және АМТ-ға бейімдеу.
9. Жаттығуларды, құрал-жабдықтар мен ортаны модификациялау.
10. Жүктемені мөлшерлеу қағидаттары.
11. Жеке оқу жоспарларын (ЖОЖ) әзірлеу.
12. Бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлеу.
13. Бейімделген дене шынықтыру сабағын жобалау.
14. Қолжетімді білім беру ортасын құру.

3 модуль. Бағалау және функционалдық мониторинг

15. ЕБҚ және АМТ оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау.
16. Бағалау критерийлері мен рубрикаларды әзірлеу.
17. Жарақаттайтын салыстырусыз бағалау тәсілдері.
18. Функционалдық диагностика: ЖСЖ, АҚ, тыныс сынамалары.
19. Жүктемеге төзімділікті бағалау.
20. Функционалдық мониторинг құжаттамасын жүргізу.
21. Кері байланыс беру әдістері.

4 модуль. Практика, тағылымдама және қорытынды аттестаттау

22. Мамандандырылған мектеп базасындағы тағылымдама: сабақтарды бақылау және талдау.
23. Тағылымдама барысында құжаттамамен және жабдықтармен танысу.

24. Мамандармен (дене шынықтыру мұғалімі, медициналық қызметкер, психолог) сұхбаттасу.

25. Микро-оқыту: бейімделген сабақ фрагментін жобалау.

26. Микро-оқыту: бейімделген сабақ фрагментін қорғау.

27. Қорытынды аттестаттау: жобаны (портфолионы) қорғау.

4 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Курстың мақсаты – дене шынықтыру пәні педагогтерінің, нұсқаушылардың, жаттықтырушылардың және қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар және арнайы медициналық топтағы (АМТ) оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыруда заманауи педагогикалық әдістер мен технологияларды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру, мазмұнды бейімдеу, жүктемені мөлшерлеу және критериалды бағалау тәсілдерін оқу үдерісіне кіріктіру арқылы білім алушылардың функционалдық, зерттеушілік және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған оқу ортасын ұйымдастыру қабілетін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер, АМТ-ны жасақтау тәртібі, медициналық рұқсат пен қарсы көрсетілімдер туралы педагогтердің білімін жүйелеу және жаңарту.

2. ЕБҚ және АМТ оқушыларының психофизикалық ерекшеліктерін, инклюзивті этика қағидаттарын және пәнаралық командамен өзара іс-қимылды тереңдету.

3. Оқу бағдарламасын бейімдеу, жаттығуларды, құрал-жабдықтар мен ортаны модификациялау, жүктемені мөлшерлеу әдістерін меңгерту.

4. Функционалдық мониторинг (ЖСЖ, АҚ, тыныс сынамалары) және критериалды бағалау құралдарын игерту.

5. Жеке оқу жоспарларын (ЖОЖ) және бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру.

6. Бейімделген дене шынықтыру сабақтарын жобалау және өткізу дағдыларын жетілдіру.

7. Қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету тәсілдерін меңгерту.

8. Мамандандырылған мектеп базасында нақты ЕБҚ және АМТ балаларымен жұмыс істеу дағдыларын пысықтау.

9. Педагогтердің кәсіби рефлексиясын, тәжірибе алмасуын және тиімді педагогикалық тәжірибелерді оқу үдерісіне енгізу қабілетін дамыту.

Курс соңында педагогтер:

1. ҚР инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін біледі және оларды кәсіби қызметте қолданады.

2. АМТ-ны жасақтау тәртібін, медициналық қарсы көрсетілімдерді және жүктеме шектеулерін біледі.

3. ЕБҚ және АМТ оқушыларының психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтарды жоспарлайды және өткізеді.

4. Оқу бағдарламасы мен КТЖ-ны ЕБҚ және АМТ-ға бейімдейді.
5. Жаттығуларды, құрал-жабдықтар мен ортаны модификациялайды.
6. Жүктемені мөлшерлейді және функционалдық мониторинг жүргізеді.
7. Критериалды бағалауды жарақаттайтын салыстырусыз қолданады.
8. Жеке оқу жоспарларын және бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлейді.
9. Бейімделген дене шынықтыру сабақтарын жобалайды және өткізеді.
10. Қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз етеді.
11. Медициналық қызметкермен, психологпен, дефектологпен және ата-аналармен өзара іс-қимыл жасайды.
12. Функционалдық мониторинг құжаттамасын жүргізеді.
13. Өзінің педагогикалық қызметіне рефлексия жасап, қолданылған әдістердің тиімділігін талдайды.
14. Курс барысында меңгерген әдістер мен технологияларды дене шынықтыру пәнін оқыту тәжірибесіне жүйелі түрде енгізеді.

5 Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және арнайы медициналық топтағы оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру: мазмұнды, жүктемені және бағалауды бейімдеу» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, ЕБҚ және АМТ оқушыларымен сабақтарды ұйымдастыруда заманауи педагогикалық тәсілдерді қолдануға, мазмұнды бейімдеу, жүктемені мөлшерлеу және критериалды бағалау тәсілдерін оқу үдерісіне кіріктіруге және білім алушылардың функционалдық, зерттеушілік және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны теориялық білімді практикалық іс-әрекетпен ұштастыру, педагогтердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіру және кәсіби рефлексиясын қалыптастыру қағидаттары негізінде құрылады.

Бағдарламаның құрылымы

Бағдарлама төмендегі негізгі құрылымдық бөліктерден тұрады:

1. Жалпы ережелер.
2. Глоссарий.
3. Бағдарлама тақырыптары.
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер.
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.
6. Оқу үдерісін ұйымдастыру.
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.
8. Оқу нәтижелерін бағалау.
9. Курстан кейінгі қолдау.

10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Бағдарламаның мазмұны

Бағдарлама мазмұны өзара сабақтас бірнеше модульден тұрады.

1 модуль. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық негіздері

Модульдің мазмұны инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты, нормативтік талаптарды, ЕБҚ және АМТ оқушыларының психофизикалық ерекшеліктерін қамтиды.

Тақырыптар:

• ҚР инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясат және заңнама.

• ЕБҚ бар оқушыларға арналған сабақтарды ұйымдастырудың нормативтік талаптары.

• АМТ-ны жасақтау тәртібі: медициналық рұқсат, қарсы көрсетілімдер және жүктеме шектеулері.

• ЕБҚ бар балалардың психофизикалық ерекшеліктері.

• АМТ оқушыларының психофизикалық ерекшеліктері.

• Инклюзивті этика және пәнаралық командамен өзара іс-қимыл.

• Оқытудың әмбебап дизайны (ОӘД) және инклюзивті білім беру практикасы.

Практикалық жұмыс: нормативтік құжаттарды талдау және инклюзивті білім беру жүйесіндегі дене шынықтыру мұғалімінің жауапкершілік аймақтарын айқындау.

2 модуль. Мазмұнды және оқыту әдістемесін бейімдеу

Модуль ЕБҚ және АМТ оқушыларымен жұмыс істеу кезінде оқу бағдарламасын бейімдеу, жаттығуларды модификациялау және жүктемені мөлшерлеу әдістерін меңгертуге бағытталады.

Тақырыптар:

• Оқу бағдарламасы мен КТЖ-ны ЕБҚ және АМТ-ға бейімдеу.

• Жаттығуларды, құрал-жабдықтар мен ортаны модификациялау.

• Жүктемені мөлшерлеу қағидаттары.

• Жеке оқу жоспарларын (ЖОЖ) әзірлеу.

• Бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлеу.

• Бейімделген дене шынықтыру сабағын жобалау.

• Қолжетімді білім беру ортасын құру.

Практикалық жұмыс: нақты нозология немесе АМТ топшасы үшін КТЖ-ның бейімделген фрагментін әзірлеу.

3 модуль. Бағалау және функционалдық мониторинг

Модуль ЕБҚ және АМТ оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау және функционалдық диагностикалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Тақырыптар:

• ЕБҚ және АМТ оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау.

• Бағалау критерийлері мен рубрикаларды әзірлеу.
• Жарақаттайтын салыстырусыз бағалау тәсілдері.
• Функционалдық диагностика: ЖСЖ, АҚ, тыныс сынамалары.
• Жүктемеге төзімділікті бағалау.
• Функционалдық мониторинг құжаттамасын жүргізу.
• Кері байланыс беру әдістері.

Практикалық жұмыс: нақты қимыл тапсырмасы үшін бағалау рубрикасын әзірлеу.

4 модуль. Практика, тағылымдама және қорытынды аттестаттау

Модуль алған білім мен біліктерді нақты білім беру практикасы жағдайында бекітуге, кәсіби рефлексияны қамтамасыз етуге және қорытынды жобаны дайындауға бағытталады.

Тақырыптар:

• Мамандандырылған мектеп базасындағы тағылымдама: сабақтарды бақылау және талдау.
• Тағылымдама барысында құжаттамамен және жабдықтармен танысу.
• Мамандармен (дене шынықтыру мұғалімі, медициналық қызметкер, психолог) сұхбаттасу.
• Микро-оқыту: бейімделген сабақ фрагментін жобалау.
• Микро-оқыту: бейімделген сабақ фрагментін қорғау.
• Қорытынды аттестаттау: жобаны (портфолионы) қорғау.

Қорытынды практикалық жұмыс: бейімделген дене шынықтыру сабағының фрагментін әзірлеу, өткізу және әдістемелік тұрғыдан қорғау.

6 Оқу үдерісін ұйымдастыру

Курс барысында дәріс, семинар, практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, тағылымдама, пікірталас, кейс талдау, жобалық жұмыс, топтық жұмыс және рефлексия әдістері қолданылады.

Оқу үдерісінде педагогтердің белсенді қатысуына, тәжірибелік тапсырмаларды орындауына және өзара тәжірибе алмасуына басымдық беріледі.

Практикалық бағыттылығы

Бағдарламаның практикалық бағыты педагогтердің курс барысында алған білімдерін нақты кәсіби жағдайларда қолдануын қамтамасыз етеді. Әр модуль бойынша практикалық тапсырмалар орындалып, педагогтер ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған бейімделген сабақ жоспарларын, жеке оқу жоспарларын, бағалау құралдарын және функционалдық мониторинг материалдарын әзірлейді.

Қорытынды нәтиже

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде педагогтер ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырудың заманауи әдістері мен технологияларын оқу мақсаттарына сәйкес таңдап, сабақ үдерісінде тиімді қолдануға, мазмұнды бейімдеуге, жүктемені мөлшерлеуге, функционалдық мониторинг жүргізуге, критериалды бағалауды қолдануға, білім алушылардың функционалдық және зерттеушілік

дағдыларын дамытуға бағытталған оқу тапсырмаларын әзірлеуге мүмкіндік алады.

7 Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және арнайы медициналық топтағы оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру: мазмұнды, жүктемені және бағалауды бейімдеу» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, дене шынықтыру пәнін инклюзивті және бейімдеп оқыту әдістемесін жетілдіруге, заманауи педагогикалық және цифрлық технологияларды тиімді қолдануға қажетті оқу, әдістемелік және ақпараттық ресурстар кешенінен тұрады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету курстың мақсаты мен міндеттеріне, мазмұнына, күтілетін оқу нәтижелеріне және педагогтердің кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес әзірленеді.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөліктері

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрамына:

• курстың білім беру бағдарламасы;

• оқу-тақырыптық жоспар;

• дәріс материалдары;

• семинар және практикалық сабақтарға арналған әдістемелік материалдар;

• тағылымдама бағдарламасы;

• бейімделген сабақтарды жобалауға арналған әдістемелік ұсынымдар;

• жеке оқу жоспарларын және бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге арналған нұсқаулықтар;

• кейстік және проблемалық тапсырмалар;

• жобалық жұмыстарға арналған нұсқаулықтар;

• функционалдық мониторинг жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар;

• бағалау критерийлері мен рубрикалар;

• өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар;

• рефлексиялық тапсырмалар;

• қорытынды жұмысқа қойылатын талаптар;

• педагогтердің кәсіби дамуына арналған әдістемелік ұсынымдар;

• электрондық және баспа түріндегі оқу материалдары кіреді.

Дәрістік материалдар

Дәрістік материалдар курс модульдерінің мазмұнына сәйкес дайындалып, ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырудың теориялық негіздерін қамтиды.

Дәрістерде:

• инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер;

• ЕБҚ және АМТ оқушыларының психофизикалық ерекшеліктері;

• оқытудың әмбебап дизайны;

• мазмұнды бейімдеу және жүктемені мөлшерлеу;

• критериалды бағалау;
• функционалдық мониторинг;
• жеке оқу жоспарларын әзірлеу қарастырылады.

Практикалық және тағылымдамалық сабақтарды қамтамасыз ету

Практикалық және тағылымдамалық сабақтар педагогтердің теориялық білімдерін нақты кәсіби жағдайларда қолдануына бағытталады.

Практикалық сабақтарда педагогтер:
• бейімделген сабақ фрагменттерін әзірлейді;
• жаттығуларды, құрал-жабдықтар мен ортаны модификациялайды;
• жүктемені мөлшерлейді;
• функционалдық мониторинг жүргізеді;
• бағалау критерийлері мен рубрикаларды құрастырады;
• жеке оқу жоспарларын және бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлейді;
• дайындалған әдістемелік өнімдерді талдайды және қорғайды.

Цифрлық және ақпараттық қамтамасыз ету

Курстың цифрлық қамтамасыз етуіне электрондық оқу материалдары, презентациялар, бейнесабақтар, интерактивті тапсырмалар және басқа да цифрлық білім беру ресурстары енгізіледі.

Цифрлық ресурстарды пайдалану барысында олардың мазмұнының ғылыми дұрыстығы, оқу мақсаттарына сәйкестігі, қауіпсіздігі, қолжетімділігі және педагогикалық тиімділігі ескеріледі.

Спорт залы мен оқу құралдары

Практикалық және тағылымдамалық сабақтарды өткізу үшін:
• бейімделген құрал-жабдықтар (жұмсақ модульдер, дыбыстық доптар, тактильді жолдар);
• өлшеу құралдары (ЖСЖ, АҚ өлшеуге арналған жабдықтар);
• тыныс сынамаларын жүргізуге арналған құралдар;
• көрнекі құралдар;
• қауіпсіздік құралдары;
• компьютерлік және мультимедиялық жабдықтар қарастырылады.

Бағалау-диагностикалық материалдар

Педагогтердің оқу нәтижелерін бағалау үшін:
• бастапқы және қорытынды диагностикалық тапсырмалар;
• тест тапсырмалары;
• практикалық тапсырмалар;
• кейстер;
• тағылымдама есептері;
• жобалық жұмыстар;
• сабақ жоспары;
• әдістемелік өнім;
• өзіндік бағалау және рефлексия құралдары пайдаланылады.

Бағалау материалдары курстың оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес әзірленеді.

Әдістемелік өнімдер

Курс барысында педагогтер төмендегідей әдістемелік өнімдер әзірлейді:

1. Бейімделген дене шынықтыру сабағының жоспары.
2. Жеке оқу жоспары (ЖОЖ).
3. Бейімделген жұмыс бағдарламасы.
4. Бағалау критерийлері мен рубрикалар жүйесі.
5. Функционалдық мониторинг материалдары.
6. Бейімделген сабақ фрагменті.
7. Қорытынды әдістемелік жұмыс (портфолио).

Ақпараттық ресурстар

Педагогтердің өзіндік білім алуын қамтамасыз ету мақсатында дене шынықтыру және инклюзивті білім беру бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттер, ғылыми-танымдық басылымдар, нормативтік құжаттар, электрондық кітапханалар, білім беру платформалары және сенімді цифрлық ресурстар ұсынылады.

Оқу-әдістемелік ресурстарды іріктеу кезінде олардың ғылыми негізділігі, өзектілігі, педагогикалық құндылығы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы білім беру талаптарына сәйкестігі ескеріледі.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Оқу-әдістемелік материалдар:

• курстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес;
• ғылыми тұрғыдан негізделген;
• педагогикалық тұрғыдан тиімді;
• практикалық бағытталған;
• түсінікті және жүйелі;
• заманауи білім беру технологияларын қамтитын;
• цифрлық ресурстарды қолдануға мүмкіндік беретін;
• қауіпсіздік талаптарына сәйкес;
• педагогтердің кәсіби қажеттіліктеріне бағытталған болуы тиіс.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету курстың барлық кезеңінде педагогтердің теориялық білімін практикада қолдануына, кәсіби тәжірибесін жетілдіруіне және ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырудың заманауи әдістерін өз педагогикалық қызметіне тиімді енгізуіне жағдай жасайды.

8 Оқу нәтижелерін бағалау

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және арнайы медициналық топтағы оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру: мазмұнды, жүктемені және бағалауды бейімдеу» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсы бойынша педагогтердің оқу нәтижелерін бағалау курстың мақсаты мен міндеттеріне, күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Бағалаудың негізгі мақсаты – педагогтердің курс барысында меңгерген білімдерін, практикалық дағдыларын және кәсіби құзыреттіліктерін анықтау, сондай-ақ оларды педагогикалық қызметте қолдану деңгейін бағалау.

Бағалау түрлері

Курс барысында педагогтердің оқу нәтижелерін бағалаудың мынадай түрлері қолданылады:

• бастапқы диагностика;
• қалыптастырушы бағалау;
• практикалық тапсырмаларды бағалау;
• тағылымдама нәтижелерін бағалау;
• топтық және жеке жұмыстарды бағалау;
• өзін-өзі бағалау;
• өзара бағалау;
• қорытынды бағалау.

Бастапқы диагностика

Курс басталғанға дейін педагогтердің инклюзивті білім беру, ЕБҚ және АМТ оқушыларымен жұмыс, мазмұнды бейімдеу, жүктемені мөлшерлеу және бағалау әдістері бойынша бастапқы білім деңгейі анықталады.

Бастапқы диагностика тест тапсырмалары, сауалнама немесе қысқаша практикалық тапсырмалар түрінде жүргізілуі мүмкін.

Бастапқы диагностика нәтижелері педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтау және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау курс барысында жүйелі түрде жүргізіледі және педагогтердің оқу материалын меңгеру динамикасын анықтауға бағытталады.

Қалыптастырушы бағалау барысында:

• практикалық тапсырмаларды орындау;
• жаттығуларды модификациялау;
• жүктемені мөлшерлеу;
• функционалдық мониторинг жүргізу;
• бағалау критерийлері мен рубрикаларды әзірлеу;
• жеке оқу жоспарларын құрастыру;
• бейімделген сабақ фрагменттерін әзірлеу;
• топтық талқылау;
• рефлексиялық жұмыстар бағаланады.

Педагогтерге орындалған тапсырмалардың нәтижелері бойынша нақты және конструктивті кері байланыс беріледі.

Практикалық дағдыларды бағалау

Практикалық дағдыларды бағалау педагогтердің ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған сабақтарды ұйымдастыру дағдыларын нақты кәсіби жағдайда қолдану қабілетін анықтауға бағытталады.

Бағалау кезінде мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

Бағалау критерийі	Көрсеткіштері

Нормативтік актілерді қолдану	ҚР инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді дұрыс қолданады
Психофизикалық ерекшеліктерді есепке алу	ЕБҚ және АМТ оқушыларының ерекшеліктерін сабақты жоспарлауда ескереді
Мазмұнды бейімдеу	Оқу бағдарламасы мен КТЖ-ны ЕБҚ және АМТ-ға сәйкес бейімдейді
Жаттығуларды модификациялау	Жаттығуларды, құрал-жабдықтар мен ортаны модификациялайды
Жүктемені мөлшерлеу	Жүктемені оқушының денсаулық жағдайына сәйкес мөлшерлейді
Функционалдық мониторинг	ЖСЖ, АҚ, тыныс сынамаларын жүргізеді және интерпретациялайды
Бағалау	Бағалау критерийлері мен рубрикаларды дұрыс әзірлейді
Кері байланыс	Оқушыға нақты және дамытушы кері байланыс береді
Рефлексия	Өз жұмысының нәтижесін талдайды және жетілдіру жолдарын анықтайды

Тағылымдама нәтижелерін бағалау

Тағылымдама нәтижелерін бағалау кезінде педагогтің:

• сабақтарды бақылау және талдау қабілеті;
• құжаттамамен және жабдықтармен танысуы;
• мамандармен сұхбаттасу дағдысы;
• бейімделген сабақ фрагментін жобалауы;
• бейімделген сабақ фрагментін өткізуі;
• кері байланыс беруі;
• рефлексивті талдау жасауы бағаланады.

Қорытынды бағалау

Қорытынды бағалау педагогтердің курс нәтижесінде қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерін кешенді түрде анықтауға бағытталады.

Қорытынды жұмыс ретінде педагогке төмендегі жұмыстардың бірін орындау ұсынылады:

• бейімделген дене шынықтыру сабағының жоспарын әзірлеу;
• жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) әзірлеу;
• бейімделген жұмыс бағдарламасын дайындау;
• бағалау критерийлері мен рубрикалар жүйесін әзірлеу;
• функционалдық мониторинг материалдарын дайындау;
• бейімделген сабақ фрагментін әзірлеу және қорғау;
• қорытынды әдістемелік жұмысты (портфолионы) құрастыру.

Қорытынды жұмыс педагогтің практикалық кәсіби қызметіне бағытталған болуы тиіс.

Қорытынды жұмысты бағалау критерийлері

Қорытынды жұмыс төмендегі критерийлер бойынша бағаланады:

1. Мазмұнның ғылыми дұрыстығы – инклюзивті білім беру және бейімдеп дене шынықтыру саласындағы ұғымдардың, қағидаттардың дұрыс берілуі.
2. Оқу мақсатына сәйкестігі – әзірленген материалдың оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерге сәйкестігі.
3. Заманауи әдістерді қолдануы – тиімді педагогикалық әдістер мен технологиялардың орынды таңдалуы.
4. Практикалық бағыттылығы – теориялық білімді практикалық жағдайда қолдануға мүмкіндік беруі.
5. Жеке оқу жоспарының сапасы – ЖОЖ-ның құрылымы, мақсаттары, әдістері және бағалау жүйесінің нақтылығы.
6. Бағалау жүйесінің сапасы – критерийлер мен рубрикалардың нақтылығы.
7. Шығармашылық және инновациялық тәсіл – педагогтің өзіндік әдістемелік шешімдерінің болуы.
8. Рәсімдеу сапасы – жұмыстың құрылымдылығы, жүйелілігі және сауатты рәсімделуі.
9. Қорғау сапасы – педагогтің өз әдістемелік шешімдерін негіздеп, сұрақтарға жауап бере алуы.

Бағалау шкаласы

Педагогтердің практикалық және қорытынды жұмыстарын бағалау үшін төмендегі деңгейлік шкала қолданылуы мүмкін:

• Жоғары деңгей – педагог ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған сабақтарды ұйымдастырудың заманауи әдістері мен технологияларын мақсатқа сай, жүйелі және шығармашылықпен қолданады; практикалық тапсырмаларды өздігінен орындайды.

• Жеткілікті деңгей – педагог негізгі әдістер мен технологияларды дұрыс қолданады, тапсырмаларды аздаған әдістемелік қолдаумен орындайды.

• Орташа деңгей – педагог заманауи әдістердің негізгі ерекшеліктерін түсінеді, бірақ оларды практикалық қызметте қолдануда қосымша қолдауды қажет етеді.

• Төмен деңгей – педагогтің теориялық білімі мен практикалық дағдыларында елеулі олқылықтар байқалады, тапсырмаларды орындау үшін қосымша әдістемелік қолдау қажет.

Бағалау нәтижелерін пайдалану

Бағалау нәтижелері педагогтердің кәсіби жетістіктерін анықтау, оқу үдерісін жетілдіру және курстан кейінгі кәсіби қолдау бағыттарын белгілеу үшін пайдаланылады.

Бағалау нәтижесінде педагогтердің:

• ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған сабақтарды ұйымдастыру;

• мазмұнды бейімдеу және жүктемені мөлшерлеу;

• функционалдық мониторинг жүргізу;

• критериалды бағалауды қолдану;

• жеке оқу жоспарларын әзірлеу;

• бейімделген сабақтарды жобалау және талдау құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі анықталады.

Курс соңында педагогтердің оқу нәтижелері бойынша қорытынды жасалып, белгіленген талаптарға сәйкес біліктілікті арттыру курсын аяқтағаны туралы тиісті құжат рәсімделеді.

9 Курстан кейінгі қолдау

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және арнайы медициналық топтағы оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру: мазмұнды, жүктемені және бағалауды бейімдеу» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсынан кейінгі қолдау педагогтердің курс барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын педагогикалық тәжірибеде тиімді қолдануын қамтамасыз етуге, кәсіби дамуын жалғастыруға және ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған сабақтарды ұйымдастырудың заманауи әдістерін оқу үдерісіне тұрақты енгізуге бағытталады.

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаты

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі мақсаты – педагогтердің ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыруда заманауи әдістер мен технологияларды практикалық қызметте қолдануына әдістемелік қолдау көрсету, кәсіби қиындықтарын анықтау және оларды шешуге бағытталған ұсынымдар беру.

Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері

Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

1. Курс барысында меңгерілген заманауи оқыту әдістері мен технологияларын педагогикалық тәжірибеге енгізуге қолдау көрсету.
2. ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған сабақтарда мазмұнды бейімдеу, жүктемені мөлшерлеу және критериалды бағалау тәжірибесін жетілдіру.
3. Функционалдық мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету.
4. Жеке оқу жоспарларын және бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге қолдау көрсету.
5. Бейімделген сабақтарды жобалау және өткізу бойынша педагогтердің тәжірибесін жетілдіру.
6. Қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз етуге қатысты әдістемелік ұсынымдар беру.
7. Педагогтердің авторлық оқу-әдістемелік материалдарын әзірлеуіне және жетілдіруіне жағдай жасау.
8. Педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасуын және өзара қолдауын ұйымдастыру.
9. Педагогтердің кәсіби қажеттіліктері мен кездесетін қиындықтарын анықтап, оларға сәйкес әдістемелік қолдау көрсету.

Курстан кейінгі қолдау формалары

Курстан кейінгі қолдау келесі формаларда жүзеге асырылады:

• жеке және топтық консультациялар;

• онлайн және офлайн әдістемелік кеңестер;

• вебинарлар мен семинарлар;

• шеберлік сыныптары;

• тәжірибе алмасу кездесулері;

• ашық сабақтар;

• өзара сабаққа қатысу және сабақтарды талдау;

• әдістемелік бірлестік отырыстары;

• кәсіби қауымдастықтардағы тәжірибе алмасу;

• электрондық пошта және онлайн байланыс құралдары арқылы консультациялық қолдау;

• әдістемелік материалдар мен ұсынымдар тарату.

Курстан кейінгі іс-шаралар

Курс аяқталғаннан кейін педагогтердің кәсіби қызметінде төмендегі іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады:

1. «Бейімделген дене шынықтыру сабағы» тақырыбында ашық сабақтар өткізу.
2. ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған сабақтарда қолданылған заманауи әдістердің тиімділігін талдау.
3. Функционалдық мониторинг жүргізудің жаңа үлгілерін әзірлеу.
4. Бейімделген сабақтардың жаңа фрагменттерін әзірлеу.
5. Жеке оқу жоспарларын және бейімделген жұмыс бағдарламаларын жетілдіру.
6. Әдістемелік бірлестік отырыстарында курс нәтижелерімен бөлісу.
7. Педагогтердің өз тәжірибесін жинақтап, әдістемелік өнім түрінде ұсынуы.

Курстан кейінгі мониторинг

Курстан кейін педагогтердің алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдану деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Мониторинг барысында:

• ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған сабақтарда заманауи әдістерді қолдану жиілігі;

• мазмұнды бейімдеу және жүктемені мөлшерлеу деңгейі;

• функционалдық мониторинг жүргізу сапасы;

• критериалды бағалауды қолдану;

• жеке оқу жоспарларын әзірлеу;

• бейімделген сабақтарды жобалау;

• педагогтердің кәсіби рефлексиясы;

• білім алушылардың функционалдық және зерттеушілік дағдыларының дамуына ықпалы қарастырылады.

Мониторинг сауалнама, өзіндік талдау, сабаққа қатысу, әдістемелік өнімдерді сараптау және педагогтердің есептері негізінде жүргізілуі мүмкін.

Күтілетін нәтижелер

Курстан кейінгі қолдау нәтижесінде педагогтер:

• курс барысында меңгерген заманауи әдістер мен технологияларды жүйелі түрде қолданады;

• ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған сабақтарды заманауи педагогикалық тәсілдер негізінде жобалайды;

• мазмұнды бейімдейді және жүктемені мөлшерлейді;

• функционалдық мониторингті тиімді жүргізеді;

• критериалды бағалауды жарақаттайтын салыстырусыз қолданады;

• жеке оқу жоспарларын және бейімделген жұмыс бағдарламаларын әзірлейді;

• білім алушылардың функционалдық, зерттеушілік және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар әзірлейді;

• тәжірибесін әріптестерімен бөліседі;

• өз кәсіби қызметіне тұрақты рефлексия жүргізеді;

• кәсіби даму қажеттіліктерін анықтап, жеке кәсіби даму бағытын жоспарлайды.

Курстан кейінгі әдістемелік өнімдер

Педагогтер курстан кейін өз тәжірибесінде келесі әдістемелік өнімдерді әзірлеп, жинақтай алады:

• бейімделген дене шынықтыру сабағының жоспары;

• жеке оқу жоспары (ЖОЖ);

• бейімделген жұмыс бағдарламасы;

• бағалау критерийлері мен рубрикалар жинағы;

• функционалдық мониторинг материалдары;

• бейімделген сабақ фрагменттерінің жинағы;

• авторлық әдістемелік әзірлеме;

• педагогикалық тәжірибе туралы рефлексивтік есеп.

Курстан кейінгі қолдау педагогтердің кәсіби дамуының сабақтастығын қамтамасыз етіп, курста меңгерілген білім мен дағдылардың нақты педагогикалық практикаға енгізілуіне және ЕБҚ және АМТ оқушыларына арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру сапасын арттыруға бағытталады.

10. Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» ҚР Заңы (2026 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).

2. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы, 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ.

3. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдауы туралы» ҚР Заңы, 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343.

4. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі

сүйемелдеу қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы).

5. ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы «Педагогикалық қызметкерлерді және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы...» (2021 жылғы 18.11 жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).

6. Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі, жалпы орта білімінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 өзгерістермен және толықтырулармен) («Дене шынықтыру» білім беру саласы).

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 өзгерістермен және толықтырулармен; 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 545 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен; № 352).

9. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18.03 № 125 бұйрығы «Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2021 жылғы 31.05 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

10. «Дене шынықтыру» пәнін (5–9 сыныптар) білім мазмұнын жаңарту шеңберінде зерделеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. — Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. — 89 б.

11. Бейімдеп дене шынықтыру және спорт. Оқу құралы. — Нұр-Сұлтан, 2019. — 408 б.

12. БДШ жеке әдістемелері: Оқу құралы / Л.В. Шапкованың редакциясымен. — М.: Советский спорт, 2007. — 608 б.

13. Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. — Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. — 80 б.

14. М.И. Адамбеков, М.Ш. Туякбаева, Е.К. Уанбаев. Жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыруды оқыту әдістемесі (әдістемелік ұсынымдар). — Алматы, 2012. — 173 б.

15. Уанбаева Е.К., Уанбаева Ф.Р. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. — Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2006. — 270 б.

16. Уанбаева Е.К., Уанбаева Ф.Р. Мектептегі дене тәрбиесі жұмысын жоспарлау, бақылау және есепке алу. — Өскемен: БОГАТЫХ баспасы, 2006. — 225 б.

Қосымша әдебиеттер тізімі

17. Ұлттық біліктілік шеңбері. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген.

18. Білім беру саласындағы салалық біліктілік шеңбері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы «23» қарашадағы № 2 отырысының хаттамасымен бекітілген.

19. Педагогтің кәсіби стандарты. Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.

20. Armstrong, F., Armstrong, D., & Barton, L. (Eds.). Inclusive Education: Policy, Contexts, and Comparative Perspectives. — London: Routledge, 2020.

21. Florian, L. (Ed.). The SAGE Handbook of Inclusive and Special Education. — London: SAGE Publications Ltd, 2021.

22. Данилова, И.Ю. Методика инклюзивного образования. — Москва: Академия, 2020.

23. Зверева, М.С. Инклюзивное обучение: основы, методы, технологии. — Москва: Издательство Просвещение, 2018.

24. Карпов, А.А. Психологические основы инклюзивного образования. — Санкт-Петербург: Питер, 2019.

25. http://egov.kz — Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі.

26. http://bilimland.kz — Оқушыларға, студенттерге және педагогтерге арналған білім беру платформасы.